

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 11 желтоқсанда № 3697 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 245 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 02.03.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 17.03.2015 № 385 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" (әрі қарай - Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 495-бабымен белгіленген қоршаған орта эмиссиясы үшін төлем мөлшерлемелері Қостанай облысы бойынша Салық кодексінің 495-бабы 3-тармағымен белгіленген және 6-тармағындағы кестесінің тәртіптік нөмірі 1.3.3-жолымен белгіленген мөлшерлемелерді және күл мен күлшлактарды орналастыру үшін мөлшерлемелерді қоспағанда, бір жарым есеге көтерілсін.

Салық кодексі 495-бабының 6-тармағындағы кестесінің тәртіптік нөмірі 1.3.3-жолымен белгіленген күл мен күлшлактарды орналастыруға мөлшерлемелер екі есеге көтерілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 10.02.2017 № 113 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

Е. Темірбаев

Ғ. Сағиев

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің

табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Қ. Төлеубаев

"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ С. Аймұхамбетова

"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ М. Щеглова